№ исх: 10-01/Д-1558//ДС-231 от: 09.11.2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19, блок «А»
Тел.:8 (7172) 78-69-81, факс:8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 19, «А» блогы
Тел.:8 (7172) 78-69-81, факс:8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

___________№_________________________
_________________________________________

**Қазақстан Республикасының**
**Парламент Мәжілісі**

*2017 жылғы 11 қазандағы № ДС-231 хатқа*

**Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы,**
**Галина Александровна, Ахмет Сейдарахманұлы!**

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғарыда көрсетілген сауалды қарап, өз құзыреті шегінде мынаны хабарлайды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ы Тайсойған учаскесін қоса алғанда Атырау облысының Қызылқоға ауданында орналасқан аумақтың блоктар шегінде көмірсутек шикізатын барлауды және өндіруді жүзеге асыруға арналған 1999 жылғы 12 мамырдағы № 327 келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығына ие. Геологиялық бөлудің ауданы 9 517,381 (тоғыз мың бес жүз он жеті бүтін мыңнан үш жүз сексен бір) км$^2$ құрайды.

Өздеріңіз білетіндей, осы аумақ ұзақ уақыт бойы әскери полигон ретінде пайдаланылды. Осыған байланысты, аумақтың кейбір бөліктерінің геология-геофизикалық зерттелу деңгейі әр түрлі және жұмыстар оның әскери полигоннан босатылған сайын жүргізілген (жеке жер учаскелерінде), бұл жайт геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде қосымша қиындықтар туғызған.

Тайсойған лицензиялық блогында іздестіру-барлау мақсатындағы бұрғылау 1999 жылы басталды, дәл сол жылы Уаз және Қондыбай кен орындары ашылған болатын.

2001 және 2005 жылдар аралығында Үкіметтің шешімі бойынша Тайсойған учаскесіндегі геологиялық барлау жұмыстары аумақтың әскери полигон ретінде пайдаланылуына орай уақытша тоқтатылды.

2006 жылы жеке жер учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарының жүргізілуіне наразылықтардың жоқтығы туралы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі әскери бөлімінің хаты негізінде, 2Д сейсмобарлау жұмыстары жүргізіліп, Уаз және Қондыбай кен орындарында іздестіру-барлау ұңғымалары бұрғыланған.

Полигонның жалға алуына байланысты, 2016 жылға дейін геологиялық барлау жұмыстарының негізгі бөлігі келісімшарттық аумақтың тек оңтүстік бөлігінде ғана жүргізілген болатын. Қазіргі уақытта Уаз (1999 ж.), Қондыбай (1999 ж.) және Шығыс Уаз (2016 ж.) атты үш мұнай-газ кен орны ашылды. 2017 жылғы жылдық мұнай өндіру көлемі 0,07 млн тоннаны құрайды. Уаз және Шығыс Уаз кен орындары бойынша өндіруші ұңғымаларының қоры 42 ұңғыманы, Қондыбай бойынша 4 ұңғыманы құрайды. Кен орындары «Кен орындарын игерудің технологиялық сызбалары» бойынша жұмыс істейді.

2016 жылғы 22 ақпанда сынақ полигондарын жалға алу және пайдалану туралы шарт ратификацияланып, оның негізінде келісімшарттық аумақтың солтүстік бөлігі Тайсойған 929 ГЛИЦ әскери полигонының ауданының азаюына байланысты Полигон құрамынан шығарылған.

Сол себепті, 2016 жылы Жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттық аумақтың солтүстік бөлігінде 2Д сейсмобарлау жұмыстары жүргізілген. Жер қойнауын пайдаланушының деректері бойынша, сейсмикалық материалдарды өңдеу мен талдау нәтижелерінің негізінде, осыдан бұрын келісімшарттық аумақтың солтүстік және орталық бөліктерінде бұрғыланған ұңғымаларды ескере отырып, Қамыскөл, Қазылғансор, Біркемпір, Самай, Барлыбай С.З. сияқты болашағы мол аймақтар айқындалып, расталды.

Ағымдағы жылы анағұрлым дайындалған және сенімді Барлыбай СЗ құрылымын бұрғылау жоспарланып отырғанын қосымша атап өтеміз.

**Министр** **Қ. Бозымбаев**

*Д. Оспанова*
*78-69-87*

09.11.2017 Копия электронного документа.

**Мажилис Парламента**
**Республики Казахстан**

*На письмо № ДС-231 от 11.10.2017 года*

**Уважаемые Бактыкожа Салахатдинович,**
**Галина Александровна, Ахмет Сейдарахманович!**

Министерство энергетики Республики Казахстан (далее - Министерство), рассмотрев вышеуказанный запрос, в пределах своей компетенции сообщает следующее.

АО «Эмбамунайгаз» является обладателем права недропользования по Контракту № 327 от 12 мая 1999 года на осуществление разведки и добычи углеводородного сырья в пределах блоков на территории, расположенной в Кзылкогинском районе Атырауской области, включая участок Тайсоган. Площадь геологического отвода составляет 9 517,381 (девять тысяч пятьсот семнадцать целых и триста в восемьдесят одна тысячная) км$^2$.

Как вам известно, данная территория продолжительное время находилась под военным полигоном. В связи с чем, геолого-геофизическая степень изученности отдельных частей территории неравнозначна и работы проводились по мере ее высвобождения (на отдельных земельных участках) от военного полигона, что создавало дополнительные сложности для проведения геологоразведочных работ.

Поисково-разведочное бурение на лицензионном блоке Тайсоган начато в 1999 году, и в том же году были открыты месторождения Уаз и Кондыбай.

С 2001 по 2005 года по решению Правительства геологоразведочные работы на участке Тайсойган были временно приостановлены в связи с использованием территории в качестве военного полигона.

В 2006 году на основании письма войсковой части Министерства обороны Российской Федерации об отсутствии возражений касательно проведения геологоразведочных работ на отдельных земельных участках, были проведены сейсморазведочные работы 2Д и пробурены поисково-разведочные скважины на месторождениях Уаз и Кондыбай.

В связи с арендой Полигона, основная часть геологоразведочных работ до 2016 года проводилась только в южной части контрактной территории. В настоящее время открыты 3 нефтегазовых месторождения Уаз (1999 г), Кондыбай (1999 г) и Уаз Восточный (2016 г). Годовая добыча нефти на 2017

09.11.2017 Копия электронного документа.

год составляет 0,07 млн. тонн. Фонд добывающих скважин по месторождениям Уаз и Уаз Восточный составляет 42 скважины, по Кондыбаю 4 скважины. Месторождения работают по «Технологическим схемам разработки месторождений».

22 февраля 2016 года был ратифицирован Договор об аренде и использовании испытательных полигонов, на основании которого, северная часть контрактной территории выведена из состава Полигона, в связи с уменьшением площади военного полигона 929 ГЛИЦ Тайсойган.

В этой связи, в 2016 году Недропользователем были проведены сейсморазведочные работы 2Д в северной части контрактной территории. По данным Недропользователя, на основании результатов обработки и интерпретации сейсмических материалов с учетом данных ранее пробуренных скважин в северной и центральной частях контрактной территории выделены и подтверждены перспективные площади Камысколь, Казылгансор, Биркемпир, Самай, Барлыбай С.З..

Дополнительно отмечаем, что в текущем году планируется бурение наиболее подготовленной и надежной структуры Барлыбай СЗ.

**Министр** **К. Бозумбаев**

*Д. Оспанова*
*78-69-87*

09.11.2017 Копия электронного документа.